

Азаматтарды 2009 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық әкімдігінің 2009 жылғы 6 сәуірдегі N 94/6 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2009 жылғы 8 сәуірде N 3133 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2010 жылғы 19 сәуірдегі N 103/7 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2010.04.19 N 103/7 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңы 19-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N 779 Жарлығының 3 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы "Азаматтарды әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы" N 623 қаулысына сәйкес Павлодар облысында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымшылдықпен өткізу мақсатында облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар облысының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымшылдықпен өткізу қамтамасыз етілсін.

2. Облыс қаржы басқармасы азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды қамтамасыз етуге байланысты іс-шараларды қаржыландыруды 2009 жылғы арналған облыстық бюджетте белгіленген шығыстарға сәйкес қамтамасыз етсін.

3. Облыс денсаулық сақтау басқармасы азаматтарды әскери қызметке шақыру кезінде қорғаныс істері жөніндегі басқармалар мен бөлімдердің өтінімдеріне сәйкес медициналық комиссиялардың құрамында тиісті санаттағы және әскери-дәрігерлік сараптамада тәжірибесі бар медицина қызметкерлерінің қажетті санын бөлсін.

4. Облыс ішкі істер департаментіне (келісім бойынша): ішкі істер органдарында есепте тұрған және бас бостандығынан айырылмай айыпталған азаматтардың тізімдерін шақыру комиссиялары-на уақытында беру;

әскерге шақырылған азаматтарды әскерге аттандыратын кезеңде облыстық жиналу пункті мен теміржол сапаржайында полиция жасақтарының кезекшілігін ұйымдастыру ұсынылсын.

5. Қалалар мен аудандар әкімдері:

қалалар мен аудандардың бюджеттеріне сәйкес азаматтарды әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізу іс-шараларын қаржыландыруды қамтамасыз етсін;

шақырылғандарды медициналық куәландыру және шақыру комиссияларының жұмыс істеуі үшін қорғаныс істері жөніндегі басқармалар мен бөлімдердің бастықтарына жабдықталған үй-жайлар берсін, өтінімдерге сәйкес көлікпен, сондай-ақ тиісті санаттардағы медициналық қызметкерлердің және техникалық қызметкерлердің қажетті санының жұмыс істеуін қамтамасыз етсін;

азаматтарды әскерге шақыру және аттандыру кезінде әскерге шақыру пункттерінде жұмыс істеуге қатыстырылатын шақыру комиссиялары мүшелерінің, медициналық персонал мен техникалық қызметкерлердің жұмыс орындарының, атқаратын қызметтері мен орташа еңбекақыларының сақталуын қамтамасыз етсін;

запасқа шығарылған әскери қызметшілерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдессін.

6. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап 10 күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімі аппаратының басшысы М.М. Оспановқа жүктелсін.

Облыс әкімі

Б. Сағынтаев

Келісілді:

департаментінің бастығы: *Облыс қорғаныс істері жөніндегі* *О б л ы с і ш к і і с т е р*
Н.Қыдырғожаев

департаментінің бастығы: *А. Алдажаров*